

МОМАҚАН ӘЛИЕВТІҢ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНА ТАЛДАУ

А.Бекболат, Н.Е. Кайрбеков

АҢДАТПА

Бұл мақалада Қазақстандағы ислам мәдениетінің XX ғасырдың бас кезеңіндегі жарық көрмеген жаңа материалдардың үлкен корпусы ғылыми айналымға енгізілген. Қазақстанның бүгінгі Көкшетау өңірінде өмір сүрген дін қайраткері Момақан Әлиевтің қолжазбалары мен жеке қорында сақталып қалған араб жазулы мұраларына талдау жасалынды. Зерттеудің мақсаты және негізгі бағыттары мен идеялары - қоғам және рухани қайраткер, тарихшы, жазушы, ақын, рухани лидер Момақан Әлиев мұрағаты, кітапханасы және шығармаларын ғылыми айналымға енгізу. Қазақстан Республикасының жаңа зияткерлік дін тарихында осындай маңызды орынға ие тұлғаның шығармашылығы мен қызметі туралы нақты әрі тікелей қолжазбаларына талдаулар жасалынды. Зерттеу барысында көмекші тарихи пәндер - эвристика, шығыс қолжазбаларының палеографиясы мен кодикология, дипломатика, генеалогия мен дінтанулық зерттеу әдістері мен тәсілдері пайдаланылды. Еңбекте Момақан Әлиевтің негізгі 3 қолжазбасының сипаттамасы, қолданған материалдары, жазу стилі мен ерекшеліктері мен жазу мақсаты айқындалды. Мақала Әлиев мұрағатының және қолжазбаларының ғылыми айналымға енуіне, виртуалды каталогын зерттеушілер үшін оған қол жеткізуді жеңілдетуге, қолжазба материалдарының ішіндегі мәліметтерді өзге ғылыми еңбектермен салыстыруға қызмет етеді. Бұл еңбек Қазақстандағы дінтану саласының әсіресе ислам өркениетіне Қазақстан аумағынан шыққан ғалым ғұламалардың қосқан үлесін анықтау және ортаға қою тұрғысынан пайдалы. Сонымен қатар Қазақстан аумағында кеңестік кезеңде қалыптасқан діни мектептердің арасындағы айырмашылықты және мемелекет жүргізген дін саясатына тікелей дін өкілдерінің көзқарастарынан қарауға мүмкіндік ұсынады. Бүгінгі таңдағы діни білім және ғылым саласының дамуына және тереңірек зерттелуіне үлес қосары да анық Қазақстандағы ислам мәдениетін, бірінші деңгейлі яғни қолжазба деректерден зерттеу жұмыстарын жеңілдетері сөзсіз.

Түйін сөздер: Көкшетау, рухани мұра, тарих, қолжазба, дін қайраткері, Момақан Әлиев.

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университеті,
Астана, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Бекболат А.,
adil_kz.tr.87@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Бекболат А.,
Кайрбеков Н.Е.,
Момақан Әлиевтің
қолжазбаларына талдау //
Адам әлемі. – 2024.
– №4 (102). – Б. 52-63.

Исследование рукописей Момакана Алиева

Аннотация. В данной статье представлена значительная коллекция новых материалов, связанных с исламской культурой в начале XX века в Казахстане, которые были внесены в научное исследование. В ней проводится анализ и изучение арабских рукописей, хранившихся в личном архиве и книжной коллекции религиозного деятеля, историка, писателя, поэта и духовного лидера Момакана Алиева, жившего в городе Кокшетау в современном Казахстане. Цель и основные идеи этого исследования заключаются в привлечении внимания общества и исследователей к научному наследию и творчеству Момакана Алиева, а также к его книжной коллекции и произведениям для дальнейшего научного изучения.

В ходе исследования были применены различные научные методы и техники, включая эвристику, палеографию и кодикологию рукописей на восточных языках, дипломатику, генеалогию и религиозные исследования. В результате были получены ценные данные и результаты исследований.

В статье также обсуждается содержание и особенности стиля письма Момакана Алиева, а также его цели при создании рукописей, подчеркивается важность этого исследования для научного общества, представлен каталог, который облегчит доступ к материалам и информации в рукописях

Момакана Алиева для исследователей. Результаты этой работы содействуют более глубокому пониманию духовного и культурного наследия исламской культуры в Казахстане, особенно в контексте новой истории религиозных исследований в стране.

Кроме того, данное исследование имеет важное значение для выявления влияния ученых и религиозных лидеров на развитие религиозной политики в Казахстане в период формирования новой динамики в образовании и межконфессиональных отношениях. Сегодняшний успех в развитии религиозного образования и науки в Казахстане, а также более глубокое исследование исламской культуры в стране невозможны без систематического анализа документов и исследований, проведенных на базе рукописей и книг Момакана Алиева.

Ключевые слова: Кокшетау, духовное наследие, рукописное сочинение, религиозный деятель, Момакан Алиев.

Analysis of Momaqan Aliyev's Manuscripts

Abstract. In this article, a significant collection of new materials related to Islamic culture in Kazakhstan at the beginning of the 20th century, which have been incorporated into scholarly research, is presented. It involves the analysis and study of Arabic manuscripts preserved in the personal archive and book collection of the religious scholar, historian, writer, poet, and spiritual leader Momaqan Aliyev, who lived in the city of Kokshetau in modern Kazakhstan. The aim and primary ideas of this research are to draw attention of the public and researchers to the scholarly legacy and works of Momaqan Aliyev, as well as to his book collection and writings for further academic investigation.

Various scientific methods and techniques were applied during the research, including heuristics, paleography, codicology of manuscripts in Eastern languages, diplomatics, genealogy, and religious studies. Valuable data and research findings were obtained as a result.

The article also discusses the content and stylistic features of Momaqan Aliyev's writings, as well as his objectives in creating the manuscripts. It underscores the significance of this research for the scholarly community and presents a virtual catalog that facilitates access to materials and information in Momaqan Aliyev's manuscripts for researchers. The outcomes of this work contribute to a deeper understanding of the spiritual and cultural heritage of Islamic culture in Kazakhstan, especially in the context of the new history of religious studies in the country.

Furthermore, this research holds importance in identifying the influence of scholars and religious leaders on the development of religious policies in Kazakhstan during the period of shaping new dynamics in education and interfaith relations. The current success in the development of religious education and science in Kazakhstan, as well as a more profound exploration of Islamic culture in the country, is impossible without the systematic analysis of documents and research conducted based on the manuscripts and books of Momaqan Aliyev.

Key words: Kokshetau, Spiritual Heritage, Handwritten, Religious Leader, Momaqan Aliyev.

Кіріспе

Көкшетау өңірінен шыққан ғұмырының бастапқы кезеңін Ресей империясының ықпалындағы саясатпен басталса да, соңы Кеңестік режимнің саясатымен араласқан, ауыспалы кезеңнің тұлғасы, тұрақсыз заманда тұрақты іс атқаруға тырысқан Момақан Әлиевтің Қазақ-түрік тарихы атты қолжазба шығармаларының әрбір нұсқаларына (Түрік тарихы, Қазақ тарихы, Қазақ шежіресі және Қазақ-түрік тарихы) анализ жасалынып, болашақта осы мәтіндерге критикалық (сыни) текст жасауға қосатын үлесін бағалау маңызды. Себебі Момақан Әлиев өз еңбегімен тарихты зерттеудегі құлшынысын, соның ішінде әсіресе ислам тарихын және күллі түркі даласындағы исламның таралу тарихына қатысты деректерді жинақтауға және өзінің пікірлерімен бөлісуге тырысқан.

Сонымен қатар алдыңғы еңбектерімізде “Момақан Молдадан қалған мұраларының көбісі тарап кеткендігіне назар аударған едік. Соған қарамастан ұрпақтарының қолында 3 қолжазбасы мен кітапханасында 70-ке жуық кітабы

аман сақталып қалған. Бұл кітаптарды Момақан молда Ташкентке барған кезінде әкелген болуы немесе сол өңірде қызмет атқарған дін қайраткерлерінен жинаған болуы мүмкін деген жорамалымыз бар. Бұл кітаптардың бәрін Момақан молда өзі қаттап, түптеп шыққандығын” [1, 73-76 бб.] айтқан едік. Кітапханасынан табылған кітаптардың тізімін сол жерде көрсеткен едік. Ал осы мақаламызда Момақан Әлиевтің кітапханасындағы кітаптарға жалпы сипаттама беріп бірнеше кітапқа нақты тоқтала кетуді дұрыс деп ойлаймыз. Жалпы Момақан Әлиевтің жинап алған кітаптарының басым көпшілігі; фикһ (ислам құқығы), тарих, пәтуа, хадис және т.с. бағытта жазылған кітаптар және осы кітаптардың басым көпшілігі Осман империясынан шыққан Османдық ғалымдардың жазған еңбектері. Ал өзінің қолжазбаларында жиі жүгінген, сілтеме ретінде көрсеткен кітаптарының ең басында Шамсаддин Самидің “Қамусул Ағлам” (Ғалымдар сөздігі) атты еңбегі келеді. Бұл еңбек алты томнан тұрады. Еңбекте тарих, жағрапия және атақты адамдар жайлы энциклопедиялық мәліметтер қамтылған. Түрік тілінде жарық

көрген энциклопедиялардың алғашқысы болып саналатын осы еңбекте, кітаптың өзінде де айтылғандай, тарих және география пәндерін ең маңызды пән деп санаған [2, 519-523 бб.].

Тағы да бір тоқтала кететін еңбектердің бірі ол Шиһаб ад-дин Маржанидің “Тәржума-и халі”. Бәршамызға мәлім болғандай Маржанидің көзқарастары жәдидшілдік мектебінің қалыптасуына орасан зор үлес қосқан. Әлиевтің де кейбір жаңаша көзқарастарына басты себеп болған еңбектердің бірі осы болу ықтималдығы өте жоғары. Сонымен қатар Маржанидің “Мустафад ал-ахбар” атты еңбегінде пайдаланған кейбір кітаптарға Момақан Әлиевтің де сілтеме жасауы назарға ілінерлік құбылыстардың бірі. Әлиевтің өлімі жайлы жазылған есепте “Оның діни ғұрыптардың көбісін мақұл көрмегендігіне” қатысты мәселелер де тоқталуға сұранып тұрған жаңалықтардың бірі. Сол жердегі дінде жоқ кейбір әдеттердің жергілікті имамдар тарапынан атқарылғандығын және мұндай әдеттердің, өз жаназасында орын алмауын қатты ескертуіне себеп болған еңбектердің бірі ол “Фирхист-и Тариқат ал-мухаммадийа” атты (*Birgivi Mehmed Efendi'nin* (ö. 981/1573) Биргиви Мехмет Ефендинің еңбегі болу ықтималы өте жоғары. Себебі бұл еңбекте діндегі жоқ бола тұра кейіннен енгізілген “Бидғаттарға” жаңашылдықтарға қатысты көптеген мәліметтерді қамтыған [3, 106-108 бб.]. Ендігі кезекте Әлиевтің кітапханасын келесі мақаламызға аманат ете отырып негізгі мәселеміз болып табылатын қолжазба мәтіндеріне тоқталатын болсақ.

Бүгінге дейін Момақан Әлиевтің 4 қолжазба (Түрік тарихы, Қазақ тарихы, Қазақ шежіресі және Қазақ-Түрік тарихы) еңбегі және Қазақ-Түрік тарихының кирилл әліппесімен машинкаға Қарта Қаңтарбаев тарапынан түсірілген нұсқасы табылды. Бұл еңбектердің 3-еуі (Түрік тарихы, Қазақ тарихы және Қазақ шежіресі) ұрпақтарының (үлкен ұлы Тастемір Әлиевтің) үйінде сақталған. Бұл кітаптарды Момақан молда өзі түптеп, өзі тіккен. Қолжазбалар альбом типтес етіп түптелген кітапқа тігілген фолиант іспеттес. Мәтіндер фабрикалық қағазға жазылған. Түрік тарихы 179 бет, Қазақ тарихы 191 бет, Қазақ шежіресі 180 бет және Қазақ-Түрік тарихы 250 беттен тұрады. Кітаптардың атауынан да байқайтынымыздай жалпы Момақан Әлиевтің ең басты мақсатының бірі жалпы Түркі әлемінің басын бір атаға апарып қосып, негізгі түбірі бір, Түрік балалары екендігін

көрсететін ислам тарихшыларының ізінен жүруге тырысуы.

Түрік тарихы атты еңбегінде жалпы түркі елдерінің шығу тегі (этногенез), салт-дәстүрі, тілдік ерекшеліктері және діни сенімдерін жеке-жеке алып бір-біріне ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашып көрсетуге тырысқан. Кей жерлерде өзі пікір қосып отырған.

Міне осының бәрі Қазақ даласындағы ислам тарихы зерттеулеріне орасан үлес қосатын зерттеулердің қатарында деуге әбден болады. Тұңғыш рет қазақ даласынан шыққан дін қайраткерінің көзімен қазақ тарихына үңілу, тарихтың салған жолына жаңа жолақтар қосады деген үміттеміз.

Әдіснама

Бұл мақаламыздың мақсаты аталмыш нұсқалар осы күнге дейін еш зерттелмегендіктен, бұларды зерттеудің маңыздылығын анықтау және ұлы даланың төрінен шыққан дін қайраткерінің ғылым жолындағы талпынысын көрсету.

Міндетіміз болса: қолжазбалардың ішкі және сыртқы сипаттамасын анықтап кейінгі зерттеу жұмыстарына жол ашу.

Осы алға қойған мақсатқа жету үшін біз қолжазба нұсқаларының толық сипаттамасын анықтадық, бір бірімен салыстырдық және қолжазбаларда қолданылған әдебиеттерді анықтадық. Момақан Әлиевтің артта қалған ұрпақтарымен кездесулер өткізіліп, қолдарында сақталып қалған Әлиевтің мұралары толығымен тізімделіп, скан нұсқалары тиісті папкаларға сақталды. Сонымен қатар ұрпақтарының ойында қалған естеліктері аудио таспаға жазылып, кейіннен хаттама жасалып тіркелді. Әлиевтің өзі баяндап кеткен Қарта Қаңтарбаевқа табысталған қолжазбасын Алматы қаласындағы ҚР Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ғылым Ордасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған “Түрік-Қазақ тарихы” атты еңбегінің, автордың өз қолымен жазған араб жазулы нұсқасы және Қарта Қаңтарбаев тарапынан машинка арқылы кирилл әріпіне түсірілген нұсқасы толығымен скан жасалып зерттеуге алынды [4, 243 б.].

Зерттеу барысында Көкшетау қаласының Оңтүстік Шығысындағы кіреберіс тас жолында орналасқан қабірінде тарихи және археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, зерттеу нәтижесі хаттамаға алынды [1, 109 б.]. Осы зерттеу жұмыстары барысында күмән келтірерлік не болмаса деректердің сенімділігі тұрғысынан төмен баға берілгендері назарға алынбады. Мүм-

кіндігінше құжаттарда және қолжазба еңбектерінде қамтылған не болмаса газет-журнал беттерінде жарық көрген материалдарға басымдылық берілуге тырысылды.

Момақан Әлиевтің еңбектері

Негізінде бұл зерттеу жұмысын жасаудағы басты мақсатымыз ұлы даланың тарихында бұрын соңды көріл-меген, дін қайраткерінің қолымен қаламға алынған зерттеу жұмысын алға шығару. Баршамызға мәлім болғандай Қазақ даласының тарихы түрлі себептермен жазылды.

Түпкі тамыры 1818-жылдан бері келе жатқан Санкт-Петербург орыс шығыстану орталығына сүйенетін шығыстану институты, Кеңестік кезеңде саяси құралға айналуға мәжбүр болған еді. 1930-1970 жж. аралығында әсіресе баспа үйлерінің жұмыстары толығымен мемлекеттік идеологияға айналғаны баршамызға аян. Бұл баспалардың үкімет тарапынан берілген тапсырмаларды орындау арқылы Орта Азия елдерінің әрбіріне жаңаша, саяси идеологияға сәйкес тарих жаздырғандығы да белгілі [5, 108-109 бб.]. Дәл осы кезең аралығында жеке дара ғылыммен айналысқан ға-лымдардың еңбектері үкімет тарапынан мүлдем назарға алынбаған. Себебі Мемлекеттік идеологияның мүддесіне ғана жұмыс істейтін ғылыми жаңалықтар мен жүйелер ғана керекті болған [5, 113-114 бб.].

Көріп отырғанымыздай ұлы даланың тарихын мынандай себептермен жазды деуге болады: 1) Кеңес үкіметінің тапсырмасымен, белгілі бір саяси мақсаттарда жазылған, 2) Дербес зерттеуші ретінде келген еуропалық ғалымдардың тыс-тан жасалған көзқарастарына негізделе отырып жазылған, 3) Қазақ даласынан шыққан тұлғалардың өз қажыр-қайраты және еңбектерінің нәтижесінде дербес зерттеу жасалып тарих кітаптары жазылған (1), бірақ бұл еңбектің өзі Кеңестік режимнің ықпалынан көп шыға алмады және 4) Момақан Әлиев сынды дін қайраткерлерінің оқыған білгендерін жинақтап халық ішінен жазған (2).

Осы тұста аталмыш тарихтар арасындағы айырмашылықты, әсіресе дінтанулық тұрғыдан зерттеуді бүгінгі таңда өте маңызды деп есептейміз. Себебі ұлы даланың мәдениетіне және салт-санасына әбден сіңген діни ұғымның қай кезеңнен бастау алғандығы, тарих сахнасында қандай өзгерістердің пайда болуына себеп болғандығы, қоғамның ішкі

жүйесіне қаншалықты әсер еткендігі және т.с. тақырыптар өкінішке қарай өте аз зерттелген тақырыптардың бірі. Әсіресе көнеден қалған бірінші деңгейдегі қолжазба деректерін талдай отырып жасалған дінтанулық зерттеулер өте сирек, тіпті жоқтың қасы деуге де болады. Міне осындай себептерден жолға шыға отырып, аталмыш автордың еңбектерін алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттеуді қолға алып отырмыз.

Бұл зерттеу жұмысының тек осы сатыда тоқтап қалмауы, бұдан әрі жалғасын тауып, әлі күнге табылмаған, авторға тиесілі еңбектерді зерттеу жұмыстарын жалғастыру керек деген ойдамыз. Мұның себебі: Біріншіден кез келген діни салт-сана, қандай да бір қоғамға енгеннен кейін, қоғамның салт-санасына сай өзгерістер мен жаңартуларға ұшырайды. Ұлы даланың төріне VIII ғасырда келген Ислам мәдениетінің қоғамда қандай өзгерістерді туындатқанын және осы өңір қоғамының Ислам мәдениетіне қандай өзгерістер мен жаңалықтар енгізгендігін анықтау үшін аса маңызды деректерді бере алады деген ойдамыз. Екіншіден жоғарыда да қысқаша тоқталып өткеніміздей кез келген қоғамның тарихы бірнеше тұрғыдан зерттелген, алайда еш бір зерттеу қоғам ішіндегі халықтың көзқарасындай бола алмайды. Қандай да бір саяси күштің ықпалынсыз не болмаса қандай да бір мақсатты көздемей жазылған еңбек-тердің құндылығы жоғалмауы тиіс деп есептейміз.

Ендігі кезекте зерттеу жұмысында алға қойған мақсатқа жету үшін Момақан Әлиевтің қолжазба нұсқаларына мынандай талдаулар жасалынды:

1-ші нұсқа “Қазақ шежіресі” (180 бет)

А) Ішкі сипаты:

Бұл нұсқа 31 бөлімнен тұрады (3). Адам атаның шежіресінен бастап Керей шежіресіне дейін келіп тоқталады. Бұл нұсқаның ерекшелігі әрбір атаның ұрпақтарын астына жазып қызыл немесе сиялы қаламмен сызу арқылы бір біріне байланысын көрсетуге тырысқан. Кейбір жерлерінде таблица жасау арқылы көрсеткен. Бұл нұсқада төмендегі нұсқалар іспетті “Қараушыға арнап кіріспе сөз” және “Тапсырыс” деген екі өлең шумақтарын жазып кеткен. Кейбір шежірелердің астына Момақан Әлиев өзінің пікірі мен көзқарастарын көрсетіп кеткен. Ең басқы бетінде 1966-жыл 6/III деп көрсеткен. Кіріспе бөлімі ретінде “Қазақтың тарихы уа шежіресі” деген тақырыппен үш бет қылып жазған. Бірақ бұл нұсқаның соңына

қорытынды жазбаған. Жалпы нұсқа бойынша барлығы 22 бетте (4) глосса жазылған. Нұсқаны 102-ші бетке дейін жазған, одан кейінгі беттері бос қалған, жазылмаған. Жалпы көп беті бос қалған (5).

Ә) Сыртқы сипаты:

Түптеу: бүтін-картонды, сыртынан қызғылт түсті қағазбен қапталған. Өз қолымен түптеген. Көлемі 29х20 см. Мұқаба – екі қабатты: 1) сыртқы бөлігі картоннан; 2) ішкі бөлігі қағаздан құралған. Алайда ұзақ жылдар тұрғаннан ба мұқабасымен кітаптың арасы ашылып/ажырап кеткен.

Сонымен қатар 16-17 беттердің арасына 133-134 беттерді қосып жабыстырған. Дәл сол сияқты кейбір беттердің ортасына қосымша парақша жабыстырып глоссы жазған (6). 24-25 беттердің арасына бөтен біреудің қолымен жазылған қысқаша мәліметті жапсырған, жапсырманың келесі бетіне “Ескерту” деп өзі қысқаша мәлімет жазған. 34-35 беттер арасына да өзге біреудің жазған мәліметін жапсырған. Бұл еңбек 06/03/1966 жылы тәмамдалған.

Нұсқаны жазу барысында қара сиялы қалам қолданған. Бұл нұсқа Көкшетау қаласында тұратын үлкен ұлы Тастемір Әлиевтің үйінде сақталған.

2-ші нұсқа “Түрік тарихы” (179 бет)

А) Ішкі сипаты:

Мұқабаның ішкі жағы кітаптың бөлігіне жапсырылған. Мұқабаның ішкі бетіне «Ескерту: Жаңа низам Сібірде 1869-жылы шыққан. (т.х. [Тауарих хамса Б.А.] 445 б.). (Осы кітапта 143 б), Кейдани: туралы (Түрік қауым тарихы 269 б)» деп жазылған. Кейінгі бетінде Құрбанғали Халидтің бір шумақ өлеңі жазылған (7). Сол өлеңнің тұсына араб тілінде мақал жазған (8). Жалпы бұл нұсқа алпыс жеті (67) (9) бөлімнен тұрады. Сол тізім мазмұн етіліп беттерінің саны көрсетіліп тізбектеліп ұқыпты күйінде жазылған. Нұсқаның 4-бетінде “Білімде наху (грамматика) тамақтағы тұз сияқты” деген мақал араб тілінде жазылған. 5-бетінде болса бір беттік кіріспе мәтін жазған. Кіріспеде бұл еңбекті жазудағы үш түрлі себебін (10) көрсеткен. Жалпы кіріспесін екі бет етіп жазған. Араб мақалдарынан бірер мысал келтірген. Кіріспе бетін кейіннен жазғандығы білініп тұр. Себебі ақ парақтың үстіне сары жолақты қағаз жабыстырып барып, кіріспені сонда жазған. Алдыңғы жазғандарын өзгертен. Кіріспенің екінші бетінің жартысында “насихат” екінші жартысында “муәллифі [авторы Б.А.] Момақан тарапынан” деп кіріспе бөлімінің өзін 4-ке бөліп жазған. Сонымен

қатар бұл нұсқада үш қолжазбасына жалпы бір тоқталып “Бұл тарихымды үшке бөлдім. I-бөлімі: Түрік тарихы туралы, 95 қағаз 185 бет. II-бөлімі: Қазақтың тарихы туралы, 95 қағаз, 185 бет. III-бөлімі: Қазақтың шежіресі туралы, 95 қағаз” [6, 7 б.] деп көрсетіп кеткен. Бастаған жылы “27/09/1965 (м) - 1385 (h)”, деп көрсеткен. Бұл нұсқаны негізінде 170-бетте бітірмек болып қол қойып 17/ XII 1965-жыл деп жазған. Алайда кейіннен “Ақуам-түрание-туралы шолулар” деп жеті беттік қорытынды жазған. Нұсқаның ең соңында 177-бетінде “Муалифы; момақан Ғабдолжаббар ұлы Әлиев, 1/IV, 1966-жыл” деп тағы да қолын қойған.

Әрбір парақтың шетін сызғыш арқылы қызыл қаламмен сызып 3,5 см бос орын қалдырған, бет нөмірлерін осы бос орынға жазып отырған. Сонымен қатар кейбір сима қалған не болмаса түсіндірме берілуі тиісті мәселелерді (глоссаларды) осы бос қалған жерге қиғаштап жазып отырған. Жалпы нұсқа бойынша барлығы 31 бетте (11) глоссы жазылған. 110-беттің шетінде белгісіз біреудің (Қызық) деп кирилл әрпімен жазған жазуы бар. Тақырыптар арасындағы сандарды қызыл түсті қаламмен рим санымен жазып отырған. Кейбір беттерінде таблица сызу арқылы кімнен кімдер тарағанын көрсетуге тырысқан (12).

Ә) Сыртқы сипаты:

Түптеу: бүтін-картонды, сыртынан қызғылт түсті қағазбен қапталған. Өз қолымен түптеген. Көлемі 29х20 см. Мұқаба – екі қабатты: 1) сыртқы бөлігі картоннан; 2) ішкі бөлігі қағаздан құралған. Одан кейінгі бетте кітаптың мазмұны бет санымен ұқыпты күйде жазылған. Қолжазбаның 5-6 беттерінде алдыңғы жазғандарының үстінен сары жолақты қағазбен жабыстырып, қайталап жазып шыққан. Сонымен қатар кейбір беттерін дәл осындай сары қағазбен жабыстырған (13). Парақтағы жолдарының саны – 34. Кейбір парақтарының арасында қосымша жапсырмалар тіркелген (14). Қолжазбаның 189-бетінде Социалды Қазақстан газетінде 1965 жылы 15-маусым күні жарық көрген 139 (12792)-санындағы тарих ғылымдары кандидаты Ә. Оразбаевтің «Қола дәуірінің мұрасы» деген тақырыптағы мақаласы жапсырылған. Қолжазбаның толық көлемі 189 бет болса да көптеген беттері бос қалдырылған (15). Қолжазбаның 150-151 беттеріне сия төгіліп кеткен, беттің тең жартысындағы сызулар көрінбей қалған.

12-13 беттерінің арасында сары парақпен 121-122 беттер жабыстырылған.

162-беттен 167-бетке аттап кеткен, ортасындағы нөмірлерді не ұмытып кеткен не

қателесіп қоймай кеткен. Нұсқаны жазу барысында қара сиялы қалам қолданған. Бұл нұсқа да Көкшетау қаласында тұратын үлкен ұлы Тастемір Әлиевтің үйінде сақталған.

Б) Нұсқада қолданылған әдебиет-тер тізімі

Кіріспеден кейінгі бетте қолданылмаған әдебиеттер тізімін (16) жарты бет қағазға жазып екі парақ ортасына жабыстырған. Бұл жерде сөзі алынбаған кітаптарды көрсетудегі мақсаты өзінің қандай кітаптарды оқығандығын көрсетпек болды ма әлде, қосымша материал ретінде пайдаланғандығын көрсетпек болды ма деген сұрақ та туындайды. Ал пайдаланған әдебиеттер тізімін 8-бетте тізбектеп көрсеткен (17).

Қай кітаптан не алды нені алмады деген сұраққа Нұсқаның ең соңғы мұқаба бетінде былай деп жазған: «Муаррихлар [тарихшылар]: Неміс муаррихы [тарихшысы]; Антрополох пиридирих (18), қытайдың муаррихы уа саяхы [Қытай тарихшысы және саяхатшысы]; Шаншун (19), иунан муаррихы [Грек тарихшысы].

3-ші нұсқа “Қазақ тарихы” (191 бет)

А) Ішкі сипаты:

Нұсқаның мұқабасының ішіндегі келесі бетіне 1 - 22 қараша 1968 жылғы 250 бетті Қазақ-Түрік тарихы атты қолжазба еңбектің Ғылыми Ордасы институтының ғылыми хатшысы тарих ғылымдарының кандидаты Романов Ю.И., қолжазбалар қоры институтының кіші ғылыми қызметкері Таранова А.Н және Қарта Қаңтарбаевтің қолы қойылған қабылдау актысының көшірмесін жабыстырған. 2 - Сол актының артқы жағына институттың аға қызметкері тарих ғылымдарының кандидаты Е. Ділмұхамметовтың қорытынды пікірін жабыстырған. 3 - Содан кейін барып Қазақстан ССР ғылым академиясы орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорына қабылданғандығы туралы кітапхана меңгерушісі Д. Қазбекованың қолы қойылған 12 шілде 1969 жылғы хаты тіркелген. Одан кейінгі бетке “Момақан Ғабдолжаббар ұлының тимсалі [суреті]” деп өзінің [Момақан Әлиевтің] бір қолында қалам екінші қолында кішкентай дәптер ұстап тұрған, басында шляпалы үстінде ұзын плашь киіп тұрып түскен суретін жабыстырған. Бұдан кейінгі 1 нөмірлі бетте “Момақан Ғабдолжаббарұлының тәржүмә и халі” (20) деп өзі жайлы қысқаша мәлімет берген. Беттің төменгі жағына ескерту деп бір шумақ өлең жолын жазған (21). Беттердің

арасында үстінен жолақты сары қағазды беттер тіркелген (22). Кейбір парақтарының арасында қосымша жапсырмалар тіркелген (23). Қолжазбаның толық көлемі 191 бет, алайда арасында 12 бет бос қалған (24). 158-беттің шетінен қосымша бет іспетті ашылатындай етіліп Қазақстан картасын жабыстырған. 159-бетте болса Социалды Қазақстан газетінің 1966 жылы 05-наурыз күні жарық көрген нөмірінің 54 (12292) санындағы география ғылы-мының кандидаты Ж. Әубәкіровтің «Қазақстан көлдері» деген тақырыптағы мақаласын екі бүктеп, парақтың шетіне кеңінен ашылатындай етіп жапсырған.

Жалпы бұл нұсқа қырық төрт (44) (25) бөлімнен тұрады. Нұсқаның мазмұны берілгеннен кейінгі бетте “Қараушыға арнаб (көп адам өлеңі)” деп бір шумақ өлең жазып артынан “Табсирасы” деп тағы бір шумақ өлең жолдарын жазған. Содан кейін барып “1966-жыл 6/III Момақан Ғабдолжаббар (Әлиев)” деп қол қойған. Нұсқаның 4-бетінде “Мұқаддимә” деп жарты беттік кіріспе сөз жазған. Жалпы бұл кіріспесінде “Қазақ халқының оқу-жазу білмегендіктен, өткен тарихын жазып қалдырмағандығы, соның салдарынан көптеген тарихтардың ұмытылып кетіп жататындығын, сол үшін осы тарих жазу мәселесін, бар мәліметтерді жинап кейінгі ұрпаққа қалдыруды қолға алғандығын” баяндаған. Содан кейінгі 5-бетте “Қазақ туралы” деп басты тақырыбына кірісіп кеткен. Ал нұсқаның соңғы 170-бетінің аяғында “Зейіл” деп жазған жерде Құрбанғали Халид туралы бірер сөз жазған (26). Одан кейінгі бетте “Кейінгілерге арнап жазған бәйіт” деп бір шумақ өлең жолдарын жазған. Содан кейін 176-бетке дейін бос қалдырып барып. 176-бетте “Құрбанғали Халидовтың тәржүмәи халы”на қосымша” деп жазған бір жарым беттік өмір баянның артынан жарты бетті “Құрбанғали Халидовке арнадым” деген өлең шумақтарын жазған. Содан кейін 25/V 1965-жыл деп жазған. Беттің ең төменгі тұсына “Ескерту: 1910-нші жылда, бұл кісінің қайтуына өте қайғырып, Ризаитдин Фахретдинов (27) Шура журналына жазған екен. Қалу иннә лилләһи уә әхира (Шүбәсіз, бәріміз бір Аллаға тиесіліміз және соңына дейін [“Бақара” сүресінің 156 аяты. Б.А.].” Қорытынды жазбаған. Соңғы мұқаба бетінің ішінде “Жаңа низам Сібірде 1869 - жыл нешретілген [жарық көрген], (т.х. [тауарих хамса А.Б.] 445 б), Ташкенд; Әуелде “Шаш” аталған. Оның Русыға қарауы, 1296 (611) нижриде болған? 1908” деп жазылған.

Бұл нұсқада парақтардың шетін сызбай тек кей жерлерде 3,5 см кей жерлер-

де одан да аз бос орын қалдырып отырған. Сызықсыз дәптерлердің бетіне жазу барысында өзі әзірлеген кітап жазу сызғышын пайдаланған [1, 127 б.]. Көбінесе жолақты арнайы жол дәптер іспетті қағаздарды пайдаланған (28) бұл қағаздардың шетін кей жерлерін ғана қызыл қаламмен сызып отырған. Бет нөмірлерін осы бос орынға жазып отырған. Сонымен қатар кейбір симай қалған не болмаса түсіндірме берілуі тиісті мәселелерді (глоссаларды) осы бос қалған жерге қиғаштап жазып отырған. Жалпы нұсқа бойынша барлығы 31 бетте (29) глоссы жазылған. Глоссылардың бәрін Момақан Әлиев өзі жазған. Бұл еңбектің соңына да 01/05/1966 жылы тәмамдалған деп көрсеткен.

Ә) Сыртқы сипаты:

Түптеу: бүтін-картонды, сыртынан қызғылт түсті қағазбен қапталған. Өз қолымен түптеген. Көлемі 29x20 см. Мұқаба – екі қабатты: 1) сыртқы бөлігі картоннан; 2) ішкі бөлігі қағаздан құралған. Мұқабаның ішкі жағы кітаптың бөлігіне жапсырылған.

Б) Библиография:

Бүгінге дейін профессор Ермек Өтебаев “Ақиқат” журналының 1997-жылғы № 2-санының 70-74 беттерінде “Яфис балалары. Ұлыс түріктері. Ұлыс халқы”, №3-санының 88-92 беттерінде “Ұлыс ұрпағы арабқа барады ма? Қазақ деген ат бұрын болды ма? Қазақ қалай қырғыз атанды? Шыңғыспен соқтығыс”, №4-санының 65-68 беттерінде “Шыңғыс қол астында. Ұлыстың Шағатайдан бөлініп, Жошы тұқымына қарауы. Біз Сарыарқаға қалай келдік? Үш жүз қалай құрылды? Әдебиеті. Қазақтың мәдениеті. Қазақ тілі” деген тақырыптар жалпы “Қазақ тарихы туралы бірер сөз” деген атаумен жарық көрген. Бұл жерде Момақан Әлиевтің Ғылым Ордасына дайындаған нұсқасынан өзге тағы бір нұсқаның бар екендігін аңғара аламыз. Себебі сол жерде бұл нұсқаның Омбыдан келгендігі айтылған (30).

В) Нұсқада қолданылған әдебиет-тер тізімі;

Қазақ тарихының мазмұнын да жоғарыдан көріп отырғанымыздай белгілі бір тақырыптарды қамтыған, қолын-дағы бар мәліметтерді жинақтап сол мәліметтер шеңберінде кітап жазған. Момақан молдаға Сәбит Мұқанов келіп осы Қазақ тарихына байланысты Момақан Әлиевтің білгендерін жазып кеткендігі айтылған. Бірақ Сәбит Мұқановтың шығармаларында Момақан молда жайлы еш бір дерек кездеспейді.

Керісінше «Аққан Жұлдыз» романында Науан Хазірет жайлы жазғандары бар. Сәбит Мұқановтың Момақан Әлиевке осы Науан Хазірет жайлы мәлімет алуды көздеп келген болуы ықтималы да жоғары.

Қазақ тарихын жазғанда негізге алған кітаптарының бірі Құрбанғали Халидтің “Тауарих-и Хамса и шарики” атты еңбегі екендігін өзінің қолжазбасында атап айтып өткен. Негізінде кітаптың мазмұнына үңілер болсақ тарихи деректердің көбін осы Құрбанғали Халидтің кітабынан алғандығын аңғара аламыз.

4-ші нұсқа “Қазақ-Түрік тарихы” 250 бет: 20/07/1968 жылы тәмамдалған.

Бұл нұсқа жоғарыда айтылған үш нұсқаның ішінен маңызды деген тұстарын алып біріктіріп жазып, Момақан Әлиевтің Қарта Қаңтарбаевқа Ғылым ордасына табыстауы үшін берген нұсқасы. Бұл нұсқаның Қарта Қаңтарбаев тарапынан машинкаға терілгені де осы мекеменің сирек қолжазбалар қорында сақталған. Ғылым ордасынан алынған 1672 №1 папка Момақан Әлиев «Түрік тарихы» төтеше жазылған нұсқасы (1969-жылы Қаңтарбаев Қарата Ғылым ордасына табыстаған), барлығы 255 бет.

А) Ішкі сипаты:

Бұл нұсқаның ең бастапқы беті “Амандық хат” деген Момақан Әлиевтің Қарта Қаңтарбаевқа 11/08/1968-жылы жазған екі беттік хаты жапсырылған. Одан кейінгі бетте “Тапсырыс хат” деп тағы да бір беттік 20/08/1968-жылы жазылған бір беттік хаты тігілген (31). Содан кейінгі бетте 24/06/1968-жылы Қарта Қаңтарбаевқа жазған тағы бір хаты тігілген. Келесі бетті 26/08/1968-күнгі датамен жазылған “Жолдама” деген атаумен Ғылым ордасына қарата жазған жарты беттік анықтама жазылған. 4-бетте “Жазушының өмір баяны” өзі жайлы қысқа бір мәлімет жазып астына өзінің [Момақан Әлиевтің] бір қолында қалам бір қолында кішкентай дәптер ұстап тұрған, басында шляпалы үстінде ұзын плащ киіп тұрып түскен суретін жабыстырған. Артқы бетінде “20/07/1968-күнгі датамен 1-бөлім. Түрік-тарихы” деп өзінің мекен жайын жазып барып кіріскен. 7-9 бет арасында үш беттік “Алғы сөз/Муқаддима” жазған. 10-бетте әдеттегінен “Бір екі ауыз бәйт” және “Тапсырыс” атты бірер шумақ өлеңдерін жазған. Өлеңнің астына “Момақан Ғабдолжаббарұлы (Әлиев) 27/ XI/1965” деп көрсеткен. 11-бетті “Бастауыш” деп тарих тақырыбына қатысты бір беттік анықтама жазған. 12-бетте “Түрік-

қазақ тарихы туралы” түсіндірме жазған. Бұл нұсқаны ұқыппен жазған, берген мәліметтердің артынан өз пікірін жеке көрсетіп, дәлелдерін ортаға салып жазып отырған. 162-бетте Қазақ тарихының мазмұнын берген. 163-беттен бастап “2-жүз Қазақ тарихына” кіріскен. 164-бетте кіріспе сөз жазған. 248-беттің соңына “Ден саулығым жоқ, ауру қысып бітіре алмай, жібере алмай қалам ба? деген қауіпім бар еді. Әйтеуір шала шарпы бітірген болдым. Сау күнімдегідей аяқ жағы аса зор салынбады, қысқартып жаздым” деп жазған. 249-бетте “Болдым” деген өлең жолдарымен “19/VII/1968-жыл” деп аяқтаған. Жалпы бұл нұсқаның мазмұнын Қарта Қаңтарбаев 124 тақырыпқа (32) бөліп жасаса да 22-ден 33-ке аттап кеткендігін аңғарамыз. Сонымен қатар Қарта Қаңтарбаев осы жерде кейбір қауымдарды мазмұнға алмаған (33). Демек бұл жерде 114 тақырып қамтылған.

Ә) Сыртқы сипаты:

Түптеу: бүтін-картонды, сыртынан қызғылт түсті қағазбен қапталған. Өз қолымен түптеген. Көлемі 29x20 см. Мұқаба – екі қабатты: 1) сыртқы бөлігі картоннан; 2) ішкі бөлігі қағаздан құралған. Мұқабаның ішкі жағы кітаптың бөлігіне жапсырылған. Мұқа-баның сыртына 1672 деген нөмір және төменгі тұсына “1672 №1 Момақан Әлиев Түрік тарихы араб қ/ж 1969 жыл тапсырған Қаңтарбаев Қ.” деп жапсырма жапсырылған. Әрбір парақтың шетін сызғыш арқылы қызыл қаламмен сызып 3,5 см бос орын қалдырған, бет нөмірлерін осы бос орынға жазып отырған. Қара сиялы қаламмен жазған. 1-ші және 24-ші беттерде “ҚССР Ғылым Академиясы, Центральная научная библиотека”. Бұл нұсқа Алматы қаласы, Шевченко көшесі 28 мекен-жайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының сирек қолжазбалар қорында 1672 нөмірде сақталған. Бұл еңбекті Қазақстан СССР ғылым академиясы орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорына қабылданғандығы туралы кітапхана меңгерушісі Д. Қазбекованың қолы қойылған 12 шілде 1969 жылғы хаты арқылы қабылдағандығын жоғарыда айтып кеткен едік.

В) Нұсқада қолданылған әдебиет-тер:

Нұсқаның алғы сөзінің соңында қандай кітаптарды пайдаланғандығы жайлы жазып кеткен (34) және 250-бетте “Мұнда болмаған есіңізде болсын тауарих туралы мынадай кітаптар бар” деп таблицанда 18 кітаптың (35) атауы мен авторларын жазған.

Ең төменгі тұсына “Осылардың қайсысы болса да тарихи мағлұмат алуға пайдалы кітаптарды” деп бұл нұсқаны тәмамдаған.

Қорытынды

Осымен біз жоғарыда Момақан Әлиевтің қолжазба нұсқаларының жалпы сипаттамасын көрсеттік. Енді осы сипаттамалардан алға жылжи отырып, мынандай қорытындылар шығара аламыз. Жалпы Әлиевтің еңбегін комплементарі (complementary) еңбек деп қана айта аламыз, ол классификациялық (classification) деңгейге алып шыға алмаған. Ол қолына түскен тарихи және діни мәтіндерді жинақтап біріктірумен шұғылданған. Ол еңбектерге өзіндік талдау көп жасамаған, кейбір тұстарында ғана өз ойын баяндап отырған.

Сонымен қатар Момақан Әлиевтің табыстаған нұсқасын кирил әліппесімен теріп шыққан Қарта Қаңтарбаевтің нұсқасы арасында да белгілі бір айыр-машылықтар анықталды. Олар мыналар:

А) Кирилл жазуындағы нұсқаның 28-бетінде Американдық саяхатшы Джордж Кинан деген жерге (1565) деп қара сиялы қаламмен жазылған. Алайда араб жазулы нұсқасында 32-бетінде бұл (1865) деп көрсетілген. Шамасы бұл саңды Қарта Қаңтарбаев емес кейіннен оны оқып шыққан біреу жазған болса керек.

Ә) Кирилл жазуындағы нұсқаның 78-бетінде “Идарлар” деп аталған тақырып араб жазулы нұсқада 82-бетінде “Ауарлар” деп келген. Алайда Қарта Қаңтарбаев оны Идарлар деп алған.

Б) Кирилл жазуындағы нұсқаның 97-бетінде “Тәуке, Әбілмәмбет, Абылай” ханның кезіне қатысты деректі қысқартып жазған. Себебі араб жазулы нұсқасының 101-бетіндегі бұл мәлімет қайталанып жазылған.

В) Тағы да кирилл жазулы нұсқаның 98-бетінде “Ұлыс жүздері: Ұлыс балаларының үш жүзіне бөлінуі м.а.да 1670 жылдарда болды деп маржани айтқан, 1670 (кітап бетінде қателесіп жазылған 1670 демекші болса керек) жыл шамасында болды деп т.х [тауарих хамса] иесі айтқан...” деп келсе араб жазулы нұсқаның 101-бетінде бұл мәлімет “Ұлыс жүздері: ұлыс балаларының 3 жүзге бөлінуі м.а.-да 1670 жыл худудында болды деп Маржани айтқан, 1270-жыл шамасында болды деп т.х. иесі айтқан...” - деп келген. Осы тұста да Қарта Қаңтарбаевтің сандарда қателескендігін байқаймыз.

Г) Қарта Қаңтарбаевтің машинка-ға

теріп жазған нұсқасының 152-бетінде араб жазулы нұсқаның 150-151-беттерінде жазылған “Түріктерден шыққан ғалымдар” деген бөлімде аты жазылған ғалымдар тізімін бос тастап, кейіннен қаламмен төтеше жазып шыққан.

Ғ) Кирилл нұсқасының 202-бетінің соңында Қарта Қаңтарбаев Қазақтың жүздері туралы басталып аяқталмай қалған Момақан Әлиевтің араб жазулы нұсқасының 208-бетіндегі “Қазақ балаларының бұл жерлерге бөлінуі деп басталған тақырыптың төменгі жағындағы Үйсін (Ұлы жүз) туралы қысқа мәлімет жазылып, Арғын (Орта жүз) және Алшын (кіші жүз) туралы еш ақпарат жазылмаған. Соны “Бұлардың қалған жерін кейін толтырамыз Қарта” деп қаңтарбаев өзі жазып кеткен.

Д) Араб жазулы нұсқаның 209-бетінде келген “Қазақтың хандары туралы” деген бөлім, “Тарихы” деген бөлім және төменіндегі схемаларды қоса алғанда 209-210 - беттегі бір жарым беттік мәлімет кирилл нұсқаға Қарта Қаңтарбаев тарапынан алынбаған. Ол бірден “Бұлар кіші жүздің хандары...” деп сөйлемнің ортасынан кірісіп кеткен.

Е) Кирилл нұсқасының 211-бетінде араб жазулы нұсқаның 218-бетіндегі Уәлиханның басында тұрған тас туралы мәліметтің төменгі тұсына “ол тас туралы, бір неше аңыз бар, керек еткендерге - артынан беруге болады. Қаңтарбаев”, - деп жазып кеткен.

Ж) Араб жазулы мәтіннің 224-226 беттері арасындағы мәтінді Қарта Қаңтарбаев 217-220 беттерде өзгертіп өз сөзімен түсініктірек етіп ретке келтіріп жазып шыққан.

З) Араб жазулы мәтіннің 250-соңғы бетінде жазылған “Мұнда болмағанмен есіңізде болсын, тауарих туралы мынадай кітаптар бар” деген бір беттік материал Қарта Қаңтарбаевтің терген нұсқасына түспеген.

Жалпы алғанда Қазақстан тарихын қалай жазу керек деген сол кезеңнің проблемасы болғаны іспетті бүгінгі таңда да өте шайқалып тұрған мәселе. Момақан Әлиев өз қолындағы нұсқаларда Қазақ шежіресін жазса да Ұлттық қорға оны жазып бермеген. Мұның бірінші себебі Қарта Қаңтарбаев болуы әбден мүмкін. Себебі ол кезеңде Қазақтың шежіресін (генеология) зерттеу аса маңызды болып саналмады. Ал Әлиевтің жазған хатындағы [4] Қаңтарбаевқа өз еркіне қарай реттеп жазуына рұқсат беруінің өзі, осы тұста белгілі бір қауыптен сақтанғандығының көрінісі десек артық айтқан болмаспыз.

Қорыта келгенде, мына бір мәселені

ойдан шығармаған жөн. Орыс үкіметі Қазақ даласын өз отарындағы ел ретінде қарағандықтан, оның зерттеу жұмыстары, жазған, жаздырған тарихи деректерінің бәрі осы мақсатты көздеп, үкімет саясатына қызмет етуді ғана негізге алған еді. Шынайы ғылымды көздеп жазам деушілерді әрдайым қыспаққа алып, қуғын сүргінге ұшыратып не болмаса 1952 жылғы Бекмахановқа істелген іспетті сотталғанға дейін жазған тарихын сотталып келгеннен кейін қайта өзгертіп жазуға мәжбүрлеу арқылы, өз бақылауында ұстап отырды. Ал Батыстың зерттеушілері тек сырттай бақылау мақсатында, орта тұстан өз үлестеріне қандай пайда тиерін көздеп, жергілікті халықтың салт санасын толық жетіле түсінбесе де түсінуге тырысқан болып, зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Тек қазақ даласының суын ішіп, бар қайғы қасіретін бірге шеккен, өз халқының тағдырын өзі ойлаған азаматтар ғана, шынайы тарихтың көрінісі бола білді деп ойлаймыз. Момақан Әлиев Тарихты жаңадан жазды демейміз, тек тарихта өз тұлғалығымен, өз өмірінің аласапыран сәттерімен, іс әрекеттерімен тарих сахнасындағы өзіндік орнымен бізге сол кезеңнің бір үлгісі бола білгендігін мойындаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бекболат Ә. Қазақстандағы ислам мәдениеті: Момақан Әлиевтің мұрасы. – Астана, 2017. – 130 б.
- 2 Islam Ansiklopedisi. – 2010. – 38-том. – 519-523 бб.
- 3 TDV İslam Ansiklopedisi. – 2011. – 40-том. – 106-108 бб.
- 4 Әлиев М. Қазақ-Түрік Тарихы, Машин-қаға теруші Қарта Қаңтарбаев. – Алматы, – 1969. – 242 б. Алматы қаласында ғылым ордасында 1672 №1 Момақан Әлиев Түрік Тарихы араб қ/ж 1969 жыл тапсырған Қарта Қ. Папка №1672. I-II (папканың ішіне тігілген)
- 5 Бустанов А.К. Ножницы для среднеазиатской историографии: “Восточные проекты” Ленинградского востоковедения, Ориентализм. Сборник статей. – М., 2015. – 108-109 бб.
- 6 Әлиев М. Түрік Тарихы. Қолжазба. – Көкшетау, 1966. – 179 б.

Transliteration

- 1 Bekbolat A. Qazaqstandagy islam madenieti: Momaqan Alievin murasy [Islamic Culture in Kazakhstan: The Legacy of Momakan Aliyev]. – Astana, 2017. – 130 b. (in Kaz)
- 2 Islam Ansiklopedisi [Islamic Encyclopedia]. – 2010. – 38-tom. – 519-523 bb. (in Kaz)
- 3 TDV İslam Ansiklopedisi [TDV Islamic Encyclopedia]. – 2011. – 40-tom. – 106-108 bb. (in Kaz)

4 Aliev M. Qazaq-Turik Tarihy, Mashinkaga terushi Qarta Qantarbaev [Kazakh-Turkish History, Typewriter Karta Qantarbayev]. – Almaty, – 1969. – 242 b. Almaty qalasynda Gylm ordasynda 1672 №1 Momaqan Aliev Turik Tarihy arab q/zh 1969 zhyl tapsyrgan Qarta Q.” Papka №1672. I-II (papkanyn ishine tigilgen) (in Kaz)

5 Bustanov A.K. Nozhnycy dlja sredneaziatskoj istoriografii: “Vostochnye proekty” Leningradskogo vostokovedeniya, Orientalizm [Scissors for Central Asian Historiography: “Eastern Projects” Leningrad Oriental Studies]. Sbornik statej. – M., 2015. – 108-109 bb. (in Russ)

6 Aliev M. Turik Tarihy. Qolzhazba [Turkish History. Manuscript]. – Kokshetau, 1966. – 179 b. (in Kaz)

Ескертүүлер

(1) Алайда мұндай жағдайлар өте сирек кездескен.

(2) Ал дін қайраткерінің тарихпен шұғыл-данып, көзқарасын көрсетуі өте сирек кезде-сетін жағдай. Тіпті жоқтың қасы десек артық айтқан болмаспыз.

(3) Қазақтың тарихы уа Шежіресі туралы, Адам шежіресі, Ихтилафлар, Түрік, Нух, Нухтан бергі силсиле уә шежірелер, Қойлы-Атығай шежіресі, Даңқой, Тәтекек, Күтекек, Төкек ауылы, Тәткек маса, Тәткек-Түбек, Кесек, Сарыт шежіресі, Қиял, Қошқар, Дауқара шежіресі, Қара ағаштың шежіресі, Мала баласы-Есалы баласы, Керей шежіресі, Найман шежіресі, Айтымбет шежіресі, Қарамолда, Қарауыл шежіресі, Атқы шежіресі, Жауар шежіресі, Сары шежіресі, Мунтык, Найман шежіресі, Керей шежіресі.

(4) Глоссалар жазылған беттер мыналар: 17, 19, 20, 21, 22, 23, 27, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 36, 38, 43, 45, 44, 48, 81, 82, 91.

(5) Жазылмай қалып кеткен беттері мыналар: 1-11, 13-17, 25-26, 47, 49-79, 85, 88-89, 99, 101, 103-180 беттердің арасы бос қалған.

(6) Қосымша жабыстырма жапсырған беттер; 18-беттің шетіне қосымша ашылатын парақ іспетті етіп «Келіспеушілік» деп қарсы пікірлерді, 22-23 беттердің ортасына “Желден келген жеті рулар” деп бір бетіне екінші бетіне 22-беттің жалғас сызбаларын жапсырған.

(7) Бәйт (өлең): Болма ғафыл шұғыл дүниемен ей әһлі қалам, Келді кезек сіздерге жаз қылмаңыз соң нәдәм (өкініш). Өлсең жазуыңмен атың аталар, Өліммен барлығың болған уақытта кәлғадам (жоқ тәрізді). (Құрбанғали Халидов)

(8) Мақал: Мән дәғи фә ғәлейһи әл баян [Кімдекім дау көтерсе, дәлелін келтірсін]. Эт тәхрих: филмун иәжису фиһи ғән хауадис әд дүня [Тарих: дүниеде болған жағдайларды қарастыратын ғылым]. Өн әл һәдәя ғәлә микдәри мәдиһә [Силық берілген адамның деңгейіне қарай болады] (с-203) Тәғлим әл дәләһ әл һәндәсияти фәрду ғайнун ғәлә әһади [Инженерлік білімді үйрену әркімге парыз ғайын.] 344 һ.

(9) 1-Алғы сөз (мұқаддима), 2-Тарих 3-Түрік тарихы, 4-Түрік туралы мағлұмат, 5-Ақуамы турание, 6-Нух ғамның [ғәлейһиссәләмның] 4 ұлы..., 7-Түрік қауымдары..., 8-Тарихде белгісідер, 9-Тарихде белгісідерінің баулары, 10-Қытайлар, 11-Япондар, 12-Финлар, 13-Қалмақтар, 14-Шоқшылар, 15-Филак, Коряк, Айнылар, 16-Қарлық, 17-Такрин, Ойрат, 18-Томат, Ұнғут, 19-Меркіт, Қаранот, Ормауыт, Қоңқымар, Барын, Соқот, Оқылан, Баяуыт, 20-Ноғайлы, 21-Қыбшақ, 22-Жүз, 23-Найман,

24-Қоңырат, 25-Қырғыз, 26-Татарлар, 27-Сиянпи, Жорхыни, Қытай татары, 28-Кидани, Тонғос, Манжу татарлары, 29-Яқутлар, 30-Бориятларда, 31-Долиғанларда уиырлар, 32-Жалайыр, 33-Керейіт, 34-Түрік ханлары, Өзбектер, 35-Ноғай, 36-Мешер, 37-Башқұрыт, 38-Типтар, 39-Қанды, 40-Ұйғыр, 41-Ауарлар, 42-Алтай түріктері, 43-Пишних, 44-Түркімен, 45-Ғусманлы түріктері, 46-Оғыз түріктері, 47-Саксын, 48-Арғын, 49-Ұлсы, 50-Серкеш, 51-Карей, 52-Хоңлар, 53-Самойдлар, 54-Манғұл қауымы (71 түрлі қауым болды), 55-Маңғұл хандарының тарихы 56-Шыңғыстың зухуры, 57-Түрік қауымдарына жалпы бір назар, ондағы мәдениет... 58-Түріктерде егіншілік, 59-Түріктерде сауда тижарат, 60-Түріктерде санағат, 61-Түріктерде жазу-сызу, 62-Түріктерден қалған әсер қадимеләр, 63-Түріктерде хұкумат, 64-Түріктердің низамлары, 65-Түріктерде ғәскерилік, 66-Түріктерде дин, 67-Түріктерде ғылым уә мағфират.

(10) 1) Ертедегі білгір адамдарымыздың бұл тарих туралы асыл сөздерін, білімдерін жазып қалдырмағандықтан заа болды, азда болса білгенім заа болмасын.

2) Кейінгілерде ең азы осы сөздерді, тарихтерді, шежірелерді білмеушілері көп, солар білсін, үйренсін, мағлұмат алсын, соларға азда болса қолғабыс болсын деп жаздым.

3) Тарихте, шежіреде бәрі болмасада, кейбірі болса да, азда болса керек қылушы-ларға, ізденушілерге «Тарихи материал» бол-сын деп жазып қалдырдым.

(11) Глоссалар жазылған беттер мыналар: 7, 122, 15, 41, 44, 51, 52, 53, 56, 62, 64, 72, 83, 84, 87, 88, 92, 101, 110, 112, 124, 126, 128, 131, 132, 134, 141, 171, 172, 174, 175.

(12) Таблица сызылған беттер мыналар:

(13) Сары түсті жолақты қағазбен жапсырылған беттер мыналар: 43, 44, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 81, 82, 83, 84, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 121, 122

(14) Түрік тарихының ішіндегі жапсырма-лар тіркелген беттер мыналар: 6-7, 132-133, 176-177 беттердің арасында жарты беттік жапсырмалар тіркелген.

(15) Бос қалған беттері мыналар: 10, 20, 21, 22, 23, 24, 45, 46, 60, 118, 127, 137, 138, 139, 140, 178.

(16) Сөз алынған жоқ тарихлар есім-лері: «Тарих рушди», «Жәмиғут тауарих» хукімдердің ахуалы және инсан хақында иесі Рашидин Әбу Мұхаммад Ғаммар даула қазидур, Китабут таузихат, Расайла султаня бар. Бұда Рашидидікі, Раудатус-сафа, Фарсиша «Тарих хайдары», Құтадғу білік, Юсуы..., Бабыр нама, Бабыр темра аулады, Хадайкул хақайық фи зайлеш-шиқақ, АтаулАллаһ ибн Яхия Нуғайдүр, Сабғу сайяр, Мұхаммад Рида афанди, УУнаме (Угнаме) Ханның дастаны, Жиһан наме, Сахиби Әбу Сағидтыкі, Китабул камил, Ибнул асир дікі, Муғжамул булдан, Яхт әл-Хамуидікі, Әсарул билад, Қумауинидікі, Тарихул Балғар, Қади Нұғман ибн Яғқубтікі, Тәмәддунул ислами, Жумаржи Зайданидікі, (Бары 15, жоғы 17, барлығы 37 тарих).

(17) Мұнда тарихи мағлұмат алған кітаптарым: 1) «Қамусул ағлам» мұжаллад шығарушы Түркия ғалымы Ш.Сами 1910 Ыстанбулда Миһранда басылған. 2) Мустафадул әхбар, Фадыл Шиһабуддин Маржани 1885-жылда Петербуртта. 3) Тауарих хамса, Құрбанғали Халдиев 1910-жылда Қазанда, 31 жыл жинаған. 4) Муфассал тарих қауым түрки, Хасан Ата Мұхаммад Ғабаши 1909-жылда Уфа Шарқда. .. Қазанда имам уа қази. 5) Тарих шажара түрік, Әбулғәзи Махази Рашид-дин ибн Араб хан Шыңғыс нәсілінен. 6) Кашғар тарихи, Мұхаммад Ғатиф, Ыстанбул 1880-Миһранда. 7) Түрік

тарихи, Сами Фисам әфәнди. 8) Қазақ ссс тарихы, Баймаханов 1960-жылда Алмадыда латынша. 9) Уақытындағы газеттерден, (Сатсиялды-Қазақстан, Қазақ-әдебияты). 10) Олжабай Барлыбайұлының қолжазба нызамындан. 11) Халық аузынан, т.т.

(18) Иоганн Фридрих Блү менбах (Блюменбах, немісі Johann Friedrich Blumenbach; 11 мамыр 1752, Гота - 22 қаңтар 1840, Гёттинген) атақты неміс анатомы, антрополог және натуралисті; медицина ғылымдарының профессоры.

(19) Чэнь Ханшэн (Chén Hànhshèng); 1897 - 2004) - социолог, тарихшы және тыңшы

(20) Момақан Ғабдолжаббарұлының тәржәмәі халі: Көкшетау облысы, қазіргіше Шкалов ауданы, Абай совхозы (ескіше шаруашылық Тәттібай ауылы) ішінде (шын аты Оразхалық), Ғабдолжаббарұлы (қазақ екі атсыз жүрмейді Әлжаппари) Әли ұлы деген кедей шаруаның ғайлесінде [отбасында], миладша 1898-нші жылында октабр жұлдызында [қазан айында] туған.

(21) Ескерту: Жоғарғы түрік тарихын, және осы қазақ тарихын екеуін де біріктіріп, 125 қағаз 250 бет қып жазып Алматыдағы қазақ тарихының зерттеушіге пошта арқылы бандрольмен 1968-жылы VII/31-і күні жөнелтілді квантансы нөмірі "52" мінекей жабырылды. Момақан Ғабдолжаббари

(22) Сары түсті жолақты қағазбен жапсыр-рылған беттер мыналар: 9, 10, 11, 12, 13, 14, 51, 52, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180.

(23) Қазақ тарихының ішіндегі жапсыр-малар тіркелген беттер мыналар: 42-43, 60-61, 64-65, 96-97, 98-99, 122-123, 126-127, 160-161, 180-181 беттердің арасында жарты беттік жапсырмалар тіркелген.

(24) Бос қалған беттері мыналар: 8, 24, 54, 62, 63, 64, 87, 88, 156, 164, 165, 166.

(25) 1-Мұқаддималары, 2-Қазақ туралы, 3-Бастаушы тарихы, 4-Қазақтың Қайдан шыққаны (Абай), 5-Алынша хан, 6-Қазақ Түріктері, 7-Қазақ тарихы, 8-Қазақ Манғолдан шықтыма? 9-Қазақ ғарабақ (арабақ) бармайды, 10-Қазақ деген ат ертеде болғанба? 11-Қазақ аты қайдан қойылды? 12-Қазақ аты аталуына дәлел, 13-Қазақ қалқының жері, 14-Қазақ баласының Шыңғысқа кездесуі, 15-Қазақтардың әдебиеті, 16-Қазақтардың мәдениеті, 17-Қазақтардың исламға келуі, 18-Қазақтардың тілі, 19-Қазақ хандарының тарихы, 20-Абылайдың хан сайлануы, себебі, 21-Абылайдың соғыстары 89 беттен, 22-Абылайдың қалмақпен тиыштық шарыт жасауы, 23-Абылайдың мажарлары.... 24-Абылайдың ықбалының төмендеген себебі, 25-Қазақтардың Русиаға қосылуы, 26-Тағы да толқып ақылдасулары туралы, 27-Қазақтарды қаратуға қытайдан өкіл келді, 28-Русиаға қарауға қарсы болғандар, 29-Тәуелсіз хандар туралы, 30-Пуғаш уақиғасы, 31-Бөгембайдың өлгенін есірткені Абылайға, 32-Тәуелді хандар туралы Уәлиханның сайлануы, 33-Тоқтамыстың сайлануы, 34-Абдалфайз, Абдәлхайыр, Нұрғали, 35-Айшуақ, Жәңгір, 36-Қазақ хандығы 160жылға дейін созылып, ақыры Русқа қарауы, 37-Русмен Қытайдың 1860 жылғы муғһадесі, 38-Шәһарлардың салынулары, 39-Туралы сөздер, 40-Ертеде бұл жерлерде кім болған? 41-Қазақ қалқы туралы Құрбанғали Халидовтың жазғаны, 42-Луғаттардың шешуі, 43-Қазақ билерінің әділдігі, 44-Қазақтардың Муфтиден бөлініп қалғаны

(26) Құрбанғали бин Халид: Қазақ халқы-ның

һәммасын тәфтишке алған. Естіген білгенінден бір нәрсе қалдырған, жазған. Өз ұлтым емес деп, яке оқымаған бәдауи деп кемсітбеген. Бір сөзін ескерусіз тастамаған. һәммә сөзге мағына берген, тәржімәлаған. Хатта бір шалдың зиратына [қабірі жайлы] дейін жазған. Көріп тұрсыз.

(27) Башқұрт-Татар жазушысы, шығыс-танушы ғалым, дін қайраткері (А.Б.)

(28) Жолақты парақтар мына беттер: 9-14, 51, 52, 65-70, 89-126, 141-152, 157-163, 167-180 беттер арасы,

(29) Глоссалар жазылған беттер мыналар:

(30) Журналдың кіріспе бөліміндегі жазылғандар: «Бұл қолжазбаның тағдыры қызық, Автор айтулы тарихшы емес, дін адамы. Кезінде Көкшетаудағы Науан Хазірет медресесін бітіріп, молдалық құрып, біраз жыл бала оқытқан, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де дін жолынан таймай, сол үшін көп жылдар бойы қуғын сүргін көрген. Сібірге, содан соң Алтайға жер аударылып, атамекеніне елуінші жылдардың шенінде оралып, Көкшетау мешітінің имамы болған Момақан молда, яғни Момақан Әлжаппарұлы Әлиев. Қолжазбасы да автордың өзімен тағдырлас тәртізді. Тегінде, төңкеріске дейін жазылып, талай жыл автордың қоржынында сақталса керек. Өйткені тілінде, бүгінгі жазу, сөйлеу мәнерімізден гөрі, осы ғасырдың басындағы жазба тілінің сарыны басым: араб, түрік, шағатай-парсы сөздері аралас жүреді. Бірақ оқыған адамға барлығы да түсінікті. Кезінде автор оны еш жерге ұсынбай, қолмен жазып екі-үш дана етіп көбейткен сияқты. Соның бір данасы Момақан молда 1969 жылы жетпіс тоғыз жасында қайтыс болғаннан кейін Омбы облысында тұратын дос-жар таныс адамдарының қолына түседі. Одан журналист Мендігүл Шыңдалиева алып, Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар пединститутының профессоры Еркек Өтебаевқа тапсырады. Ғалым көп еңбек сіңіріп, мұны осы күнгі әріпке көшіріп, редакцияға жіберген еді. Қолжазбаның аты – «Түрік-Қазақ тарихы». Оқып көрсек, назар аударатын мезеттері баршылық, біраз мағлұмат алғанға болғандай. Автордың бұдан басқа да жазғандары аз емес, ұлт тарихына, ұрпақ тәрбиесіне ден қойып, ел өмірін терең зерделеген ғұлама да кісі болса керек. Сол қолжазбаның бір тарауын оқырман назарына ұсына отырып, Момақан Әлиевтің тағы басқа пайдалы еңбегін білетіндер болса, журнал ұжымымен хабарласар деп сенеміз» деген.

(31) Осы "Тапсырыс хаттың" төменгі тұсында: "Басында бисмиллә, ішінде Аллаһ, Құдай деген сөздер бар, оны аналар жек көреді десең көшіріп тастаңыз", - деп жазған.

(32) Папка №1672. I-II. Всего: 243. Момақан Әлиевтің "Түрік, қазақ тарихы." 1. Тапсырыс қат, 1968, 2. Жазушының өмір баяны, 3. Түрік - тарихы, 4. Алғы сөз мұқадаама, 5. Бір-екі ауыз бәйіт, 6. Тапсырыс 1965, 7. Бастаушы, 8. "Түрік-қазақ тарихы туралы", 9. Нұхтың ұрпақтары, Нұхтан 4 ұл болады, 10. Менің пікірім, 11. Япон қауымы, 12. Фин қауымы, 13. Қалмақ, 14. Қашғар тарихы, 15. Шаш қауымы, 16. Қарлық елі, 17. Тікрин (яки Шікрин) елі, 18. Ойрат елі туралы, 19. Томат елі, 20. Үнкит елі, 21. Ұсақ елдер, 22. Ноғай елі, 33. Қыпшақ елі, 34. Найман елі, 35. Найман елінің жері, 36. Қоңырат елі, 37. Қырғыз елі, 38. Қырғыздарға жабылған жала, 39. Қырғыздардың Шыңғысқа кездесуі, 40. Қырғыздардың бұл Сарыарқаға келуі туралы, 41. Татарлар туралы, 42. Татарлардың атақты фырықлары, 43. Татарлардың мағишат тіршілігі, 44. Сианли татарлары, 45. Жүржин татарлары, 46. Қытай татарлары, 47. Тұңғыс татарлары, 48. Якут қалқы. 49. Буряттар туралы, 50. Долиғанлар, 51. Дәуірлер, 52. Үйсін, Жалайыр, 53.

Керейіт елі, 54. Өзбектер, 55. Мешарлар туралы, 56. Башқұрттар, 57. Типтар, 58. Қаңлылар, 59. Ойғурлар, 60. Идарлар, 61. Идарлардың асылы, 62. Идарлардың ыдырауы, 63. Алтай түріктері, 64. Бишниглардың әлсіреуі, 65. Түркмен қалқы хуаризм. 66. Ғұсманы түріктері, 67. Өғүз түріктері, 68. Өгіздің тәржіме халі, 69. Сиқсин қауымдары, 70. Ұлыс түріктері (қазақ қалқы), 71. Ұлыс қалқы, 72. Сақ, 73. Серкеш, 74. Карей (не құраллар, не керейлер), 75. Хоңлар - арабша һунлар, 76. Сайнед қауымы, 77. Манғұл қауымы, 78. Манғұл халықтарының тарихы, 79. Шыңғыс-Томошин, мұның төрт ұлы болған, 80. Шыңғыстың зуһыры, 81. Ислам діні келген соңғы, түрік балаларының халі, 82. II-бөлім “Қазақ тарихы”, 83. Балғарлардың исламияты, 84. Түріктердің Қайдани Татарлары, 85. Фарсы падшаларынан хисраулар, 86. Түріктерде ертеде егіншілік, 87. Түріктерде ертеде сауда тижараты, 88. Княз Крупаткин сөзінен. Түріктерде жазу-сызулар, 89. Түріктерден қалған есәр уақиғалар, 90. Түріктерде үкмет, 91. Түріктерде низам, закон, 92. Түріктердің әскерлік жұмыстары. 93. Түріктерде дін, 94. Түріктерде ғұлум мен мағрифат, 95. Түріктерден шыққан ғалымдар. 96. Ақуам туранилер туралы шолулар, 97. Осыған қарай Жамбыл Жабайұлының айтқаны, 98. Қазақ тарихының беттері, 99. Кіріспе сөз. Қазақ тарихы, 100. Қазақтың (ұлыс балаларының тарихы туралы), 101. Қарақұрым туралы, 102. Ұлыс балалары (Қазақ) Манғұлдан шықты ма? 103. Ұлыс балалары Ғарабқа бармайды. 104. Қазақ деген ат бұрын болған ба? 105. Сол ұлыс балаларының Шыңғысқа кездесуі, 106. Ұлыс балаларының тегісінен Шыңғысқа қарауы, 107. Ұлыс балаларының Шағатай тұқымынан бөлінуі. Жошы тұқымына қарауы, 108. Ұлыс балаларының Сары арқаға келуі туралы. 109. Ұлыс түріктері, қазақтар, 110. Иланша хан, 111. Қазақ, 112. Қыпшақ, 113. Алаш, 114. Өзбек, 115. Қайтадан қазаққа оралайын, 116. Қазақтың мәдениеті, 117. Қазақтың тілі туралы, 118. Қазақтың жері туралы, 119. Қазақ балаларының бұл жерлерге бөлінді, 120. Мұнда болмаған мен есіңізде болсын, тауарих, тарихтар туралы мынадай кітаптар, 121. Қасым мен Уәліні хан сайлауы, 122. Тоқтамыстың хан сайлануы, 123. Қалмақ пен Қазақтың соғыстары туралы, 124. Қалдан-Серең, Жоңғар ханы.

(33) Мазмұнға алынбаған қауымдар мыналар: 1-Шоқыш қауымы, 2-Филаклар, 3-Корьяклар, 4-Айн яки Айну халықтары, 5-

(34) Мұндағы мәлімет алған кітаптарым төмендегіше:

1) Камус-ал-ағламдан 6 том. Шығарушы Түркия ғалымы Сами, 1910-жылы Ыстанбулда миранда басылған. 2) Мұстафада-ал ахбар, 1 жүз, Фазыл шиһабұддин Маржани, 1885 жылда Питербғыда. 3) Тауарих хамса, Қурбанғали Қалидов, 1910, Қазанда, 21 жыл жинаған. 4) Муфассал тарих-қауым түрки, Хасан Ғата и Мухаммад Ғабаш, 1909 Уфа шарқда. 5) Тарих шежіре түрк, Абулғазы хан, (Махази Рашидаддин тарихы), бин ғараб Мухаммедхан, Шыңғыс нәсілінен Қазанда имам уақазидур. 6) Кашғар тарихы, Мухаммед Ғатыф, 1880 Мийран Станбулда, латынша жазылған. 7) Түрік тарихы, Сами Ғисам Әфәнди, Басы жоқ, қайда басылғаны белгісіз 8) Қазақ СССР тарихы, Баймаханов, 1960-жыл, Алматыда. 9) Газеттерден де, “Қазақ әдебиеті”, “Социалистік Қазақстан” 10) Қалық аузынан 11) Қазаты балалары қолжазба шығармаларынан алынды. М.

(35) 1-Тарихи рахиди. 2-Жәмиғуттауарих, Бұл екі тарихыты манғол хукүмдарларының ахуалы уә нисабы хаққында Рашид әддин бин Абулфадл шығарған. 3-Китаб әт Таудихат, Мұхаммад бин Ғимадуддәуләһ Фазуинидр. 4-Рисала Султаниаһ, бұ да Рашид әддиндікідір. 5-Раудатул дуға, иесі мағлумсуз. 6-Тарих Хайдары, фарсша, иесі Хайдар деген адам. 7-Хадаиқ әл Хақаиқ фи зәйли шиқак, Атауллах бин иахя, татаршадр, 8-Сәбға сияр, Мұхаммед Рыза Әфәндінікі. 9-Өгіз ханның дастаны, иесі мағлумсыз. 10-Жиһаннаме, иесі Әбу Сағиддур. 11-Китаб әл Камил, Ибнул Ясирдікі. 12-Муғжамуль булдан, Якут Хамуидікі. 13-Әсәрул биләд, Қазуинидікі. 14-Тауарихуль булғар, Қади Нуғман бин Яғқубдікі, 15-Тамдин әл ислами, Жорджи Зидандікі, Ғарабша. 16-Ислам милләти, Ғирфан Заде (Тамдин әл исламидан махуз) Татарша. 17-Бабарынама, Ақсақ Темір әулады Бабыр патшаның басынан кешкен ахуалды сөйлеген. 18-Құдатғу білік, “Юсуф Қадырхан. Тарафындан Сыдиқ Бурахан такдим қылынғанда оған хас ат қойылмаған екен. “Құдатғу білік” Артынан қойылғанда тамеңда жазылады. Білік-ғылым мағынасында құд (яки құт) ғарабидір. Құтупдан алып жеңілдетілген. Құтуп әр нәрсенің сипатына, қарарына, тұтқасына айтылады. Мұнан аңданады, ол адамға бақыт қарарланды дейек болады. Қазақша Құтды болсын деген сияқты. Яғни білімді қарарландырушы, құтайтушы мағынасында, ғарабша Құтп әл ғилм мағнасында. Бұл ойғыр тіліндедур, Момақан Әлиев.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Адилбек Бекболат

оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, email: adil_kz.tr.87@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-2041-5647

Нурлан Евфратович Каирбеков

аға оқытушы, PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, email: nurlan.kairbekov@mail.ru, ORCID ID 0009-0001-2837-4309

Адилбек Бекболат

преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, email: adil_kz.tr.87@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-2041-5647

Нурлан Евфратович Каирбеков

старший преподаватель, PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, email: nurlan.kairbekov@mail.ru, ORCID ID 0009-0001-2837-4309

Adilbek Bekbolat

Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, email: adil_kz.tr.87@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-2041-5647

Nurlan Kairbekov

Senior Lecturer, PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, email: nurlan.kairbekov@mail.ru, ORCID ID 0009-0001-2837-4309